



Баспасөз хабарламасы

Алматы қ

2019 жылдың 19 ақпаны

KASE биржаның 2018 жылдың қорытындысы бойынша биржаның, листингілік компаниялардың және БАҚ өкілдерінің белсенді мүшелерін марапаттау салтанатын өткізді

Қазақстан қор биржасы (өрі қарай – Биржа, KASE) 2019 жылдың 19 ақпанында 2018 жылдың қорытындысы бойынша жақсы нәтижеге қол жеткізген листингілік компанияларды, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарын (БАҚ) Қазақстанның қор нарығы мен KASE қызметі бойынша үздік материалдар үшін Биржа мүшелерін марапаттау салтанатын өткізді.

KASE мүшелері

Биржа мүшелері арасында **"Корпоративтік облигациялар нарығындағы жыл андеррайтері"** номинациясы бойынша жеңімпаз "Казкоммерц Секьюритиз" АҚ ("Казкоммерцбанк" АҚ еншілес ұйымы) болды. 2018 жылы "Казкоммерц Секьюритиз" АҚ борыштық бағалы қағаздардың ең үлкен көлемін жалпы сомасы 127 млрд теңгені орналастырды.

"Нарық көшбасшысы" номинациясында жеңімпаз биржалық нарықтың осы секторында үлкен сауда-саттық белсенділігін **"Фридом Финанс" АҚ** көрсетті. Компания 2018 жылды белсенділік коэффициенті ($Ka=3,80$) аяқтады.

Компания жеке инвесторлардың ең белсенді шотының санына ие болды, сонымен қатар "Фридом Финанс" АҚ жалпы брутто айналым сауда-саттығында акциялармен сауда-саттық 30 % құрады.

"Корпоративтік облигациялар нарығының көшбасшысы" номинациясында екі қатысушы марапатталды:

"Қазақстан Халық банкінің еншілес ұйымы "Halyk Finance" АҚ

2018 жылдың қорытындысы бойынша Корпоративтік облигациялар нарығында ең жоғарғы белсенділік коэффициенті "Фридом Финанс" АҚ ($Ka=2,97$) тіркелген, "Қазақстан Халық банкінің еншілес ұйымы "Halyk Finance" АҚ ($Ka=2,32$).

"Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығының көшбасшысы" номинациясында "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ марапатталды, ол 2018 жылдың қорытындысы бойынша осы сегменттегі ең жоғары коэффициентке ие болды ($Ka=2,88$).

Сегіз атаулы акциялар бойынша маркет-мейкер болып табылатын "Фридом Финанс" АҚ "Акциялар нарығында жыл маркет-мейкері" номинациясында жеңімпаз атанды. "Фридом Финанс" АҚ маркет-мейкерлік мәмілесінің көлемі 11,7 млрд теңгені құрады, мәміле мәні – 8 449.

"Корпоративтік облигациялар нарығының көшбасшысы" номинациясында корпоративтік облигациялардың 21 шығарылымы бойынша маркет-мейкер міндетін орындайтын **"Қазақстан Халық банкінің еншілес ұйымы "Halyk Finance" АҚ** атап өтілді, "Halyk Finance" АҚ жалпы мәміле көлемі маркет-мейкер ретінде корпоративтік облигациялар нарығында 379,6 млн теңгені құрады.

"Инвесторларды тартудағы айтарлықтай үлесі үшін" номинациясында **"Фридом Финанс" АҚ** жаңа белсенді сауда-саттық шоттары саны көп болғаны үшін жеңімпаз атанды. 2018 жылы **"Фридом Финанс" АҚ** ашық белсенді шоттар саны коли 2 786 құрады, олардың қатысуымен 42 798 мәміле жасалды.

Биржалық нарықтың дамуына айтарлықтай үлес қосқан Биржа мүшелерін марапаттау мақсатында **"Сауда-саттық көлемі бойынша көшбасшы"** номинациясын енгізуге шешім қабылданды.

- 2018 жылдың қорытындысы бойынша **"ҰБҚ қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемі"** номинациясында **"SkyBridge Invest" АҚ** және **"Шет елдік валюталар нарығындағы сауда-саттық көлемі бойынша көшбасшысы"** номинациясында **"Ситибанк Қазақстан" АҚ**.

KASE Листингілік компаниялары

2018 жылдың қорытындысы бойынша **"Айқындылыққа ұмтылысы үшін"** дипломдарымен:

- – қаржы секторы компаниялары: **"Қазақстан Даму Банкі" АҚ** және **"Қазақстан Халық Жинақ банкі" АҚ** марапатталды;
- – қаржы емес секторы компаниялары: **"ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясы" АҚ** және **"КазТрансОйл" АҚ**.

Аталмыш компаниялар листингілік талаптарға қосымша ақпарат ашу жағдайында саны бойынша алдыңғы қатарға шығып, сондай-ақ осы компаниялардың жылдық есебі мазмұны бойынша үздік есептердің тізіміне енді.

По номинациям: **"Акциялар нарығындағы жыл андеррайтері"**, **"Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығының маркет-мейкері"**, **"Деривативтер нарығын дамытқаны үшін"** номинациялары бойынша марапатталғандар болған жоқ.

БАҚ өкілдері

KASE сондай-ақ, жылы Қазақстанның қор нарығы және KASE қызметі тақырыбын белсенді қозғаған БАҚ өкілдерін дипломдармен марапаттады. Аталмыш БАҚ өкілдері материалды жоғары кәсіби деңгейде түсінікті әрі қызықты етіп бере білді.

"Баспа БАҚ –ғы үздік мақала" номинациясы бойынша диплом Мадия Төребаеваға ("Курсив" газеті) берілді.

"Интернет-ресурстарындағы үздік материал" номинациясында Татьяна Панченко (forbes.kz интернет-сайты).

"Үздік телесюжет" номинациясында Анастасия Гнатко ("LS TV".Продюсерлік орталығы) марапатталды

Анықтама үшін

«Қазақстан қор биржасы» АҚ Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы болып табылады. KASE - репо нарығының құралдары, шетел валюталары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, сондай-ақ туынды қаржы құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы болып есептеледі.

KASE Биржа федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалар федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби қауымдастықтарының мүшесі болып табылады. Сонымен қатар, биржа БҰҰ-ның «Қор биржасы тұрақты даму үшін» бастамасына қосылды. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД елдерінің қор биржаларының арасында екінші орын, ал FEAS қор биржаларының арасында нарықтық капиталдандыру деңгейінде алтыншы орын алады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz